

2012 жылғы 17 сәуірге

**«Азаптаулардың және басқа да қатыгез немесе ар-намысты
қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алуға
бағытталған ұлттық алдын алу тетікті жасау мәселелері бойынша
Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»
Қазақстан Республикасы Заңының жобасына
Баяндама**

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Қазақстан ҰАТ деп аталатын азаптауларды алдын алудың ұлттық алдын алу тетігін құруды көздейтін Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияға факультативтік хаттаманы ратификациялады.

ҰАТ мәні азаптауларды алдын алу мақсатында бас бостандығынан айрылған адамдарды ұстау орындарында тұрақты болу жүйесін құру болып табылады.

Қазіргі уақытта халықаралық тәжірибеде ҰАТ бірнеше модельдері бар. Факультативтік хаттаманың әрбір қатысушы мемлекет оның ойынша оның ұлттық мүдделеріне көбірек сәйкес келетін модельді таңдауға құқылы.

Бірінші модель – ҰАТ ретінде қолданыстағы ұйымды тағайындау. Осылайша, Мексика мен Маврикий ҰАТ ретінде Адам құқықтары жөніндегі комиссияны тағайындады.

Коста-Рика, Дания, Швеция, сондай-ақ Армения ҰАТ ретінде ұлттық Омбудсмендерді тағайындады.

Эстонияда 2007 жылғы 18 ақпаннан бастап ҰАТ ретінде Әділет канцлері тағайындалған.

ҰАТ екінші моделі ҰАТ жұмысында Омбудсмен және ҰЕҰ бірлесе қатысуын көздейді.

Осылайша, Словенияда «Осбудсмен +» моделі енгізілген. Бұл модель бойынша Омбудсмен офісі ҰЕҰ бірге ҰАТ тағайындалады. Осыған ұқсас ҰАТ Молдовада әрекет етеді.

2006 жылы Қырғызстанда уақытша Әділет министрі жанында қылмыстық атқару жүйесі мәселелері бойынша Қоғамдық байқау кеңесі құрылды. Ұлттық алдыг алу тетігін құру бойынша заң жобасы 2009 жылы әзірленді және осы уақытқа дейін талқылануда.

Үшінші модель ҰАТ ретінде бірнеше қолданыстағы органдарды анықтауды көздейді.

Осылайша, Жаңа Зеландияда ҰАТ қызметтерін 5 орган: Адам құқықтары жөніндегі комиссия, Омбудсмен офісі, полицияларды байқаудың тәуелсіз органы, Балалар құқығы жөніндегі уәкіл, әскери пенитенциарлық мекемелер инспекторы офісі, сондай-ақ Қарулы күштердің Бас сот қорғаушысының офісі атқарады.

Төртінші модель жаңа ұйымды құруды көздейді. Осылайша, Францияда бас бостандығынан айыру орындарының Бас инспекторы лауазымы, Парагвайда – Азаптауларды алдын алу бойынша Ұлттық комитет құрылған.

ЕҚЫҰ мүше мемлекеттері арасында ҰАТ екінші моделі «Омбудсмен +» кең тарағанын атап өту керек.

Құрметті төраға,

Құрметті депутаттар,

Сіздердің назарларыңызға Үкімет ұсынған заң жобасы екінші моделге негізделген.

Осы модельді таңдаудың негізгі мақсаты ұстау орындарының қоғамдық мониторингіне кең қол жетімділікті қамтамасыз ету және осы процесте Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің ролін нығайту болып табылады.

Заң жобасын әзірлеу кезінде ұлттық ҰАТ өз функцияларын орындау үшін жеткілікті мандат беру кілтті мәселе болды.

Заң жобасын әзірлеген кезде Әділет министрлігі көздеген мақсат бұл Факультативтік хаттама бойынша қабылдаған міндеттемелерді адал орындауды қамтамасыз ету.

Заң жобасы Қазақстан Республикасының үш Кодексіне және төрт Заңына өзгерістер енгізуді көздейді. өзгерістер енгізілетін заңнамалық актілердің тізімі Сіздерге презентацияда ұсынылды.

заң жобасы түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларын, алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан ауруларды еріксіз емдеу мекемелерін, ұстаудың ерекше режиміндегі білім беру ұйымдарын тұрақты болу орындары ретінде белгілейді. Заң жобасының әрекетіне жататын осындай мекемелердің саны Қазақстан Республикасының аумағы бойынша 451 мекемені құрайды.

ҰАТ мүшелері ретінде тұрақты болуды:

- Адам құқықтары жөніндегі уәкіл;
- Қоғамдық байқау комиссияларының мүшелері;
- ҰАТ қызметін қамтамасыз ету бойынша әлеуметтік жобаларды іске асыру туралы шарт жасасқан қоғамдық бірлестіктердің мүшелері жүзеге асырады.

Адам құқықтары жөніндегі уәкілге өзінің құзыретіне сәйкес болу саны мен мерзімі бойынша шектеу салынбайды.

ҰАТ басқа қатысушыларына төрт адамнан аспайтын 451 арнайы мекемені жылына екі реттен кем емес болу ұсынылады.

Болу қорытындысы бойынша ҰАТ қатысушылары қарамағында мекемелері бар прокуратура органдары мен уәкілетті органдарға:

- болу мекемелерінде ұсталатын тұлғаларға қарауды жақсарту және азаптауларды алдын алу бойынша ұсынымдар;
- заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар береді.

Келіп түскен ұсынымдар мен ұсыныстарды қарастыру қорытындысы бойынша көрсетілген мемлекеттік органдар ҰАТ қатысушыларын ақпараттандыруға міндетті.

Заң жобасы ҰАТ қатысушыларының нақты құқықтары мен міндеттері, олардың қызметін тоқтату негіздерін белгілейді. Қазіргі уақыттағы қолданыстағы заңнамалық нормалар қоғамдық байқау комиссиялары үшін осындай мәртебе көздемейді.

Заң жобасы ҰАТ қатысушылары қызметіне жеке және лауазымды тұлғалардың ақпарат беруде, осындай мекемелерде ұсталатын тұлғалармен және олардың өкілдерімен әңгімелесуде бас тарту түрінде кедергі келтіргені үшін айып түрінде әкімшілік жауаптылық енгізіледі *(жеке тұлғалар үшін – 5 АЕК, лауазымдық тұлғалар үшін – 7 АЕК; қайта жасаған әрекет үшін: жеке тұлғалар үшін – 10 АЕК, лауазымды тұлғалар үшін – 15 АЕК мөлшерінде)*.

ҰАТ атқарушы органдардан қызметтік тәуелсіздігін қамтамасыз ету туралы Факультативтік хаттаманың талаптарын қамтамасыз ету мақсатында заң жобасында заң жобасында Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің және ұстау орындарында тұрақты болу бойынша әлеуметтік жобаларды іске асыратын қоғамдық бірлестіктердің қызметін қаржыландыру көзделген.

Іссапарлық шығыстар, байланыс құралдарын және кеңсе тауарларын пайдалану бойынша шығыстар, сондай-ақ болу қорытындысы бойынша есептерді, ұсынымдар мен ұсыныстар дайындау бойынша жұмыстар әлеуметтік жобалар шеңберінде төленетін болады.

Қоғамдық байқау комиссиясы заң жобасы бойынша қаржыландырылмайды, себебі заңды тұлғалар мәртебесіне ие емес.

Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің бюджетінде тиісті шығыстар көзделген.

Осылайша, Заңды іске асыру жыл сайын 200 млн. теңге көлемінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде әлеуметтік жобаларға қосымша шығыстарды талап етеді.

Тиісті сома Республикалық бюджеттік комиссиямен мақұлданған.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы ҰАТ әділет органдарымен қаржыландыру үкіметтік емес ұйымдардың қызметін қаржыландырудың ең тиімді нысаны болып табылады, себебі «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңда, Бюджеттік кодексте, Азаматтық кодексте ҰЕҰ қызметін мемлекеттік бюджеттен тікелей қаржыландыруға жол берілмейді.

Заң жобасы бойынша ҰАТ іске асыру үшін үйлестірушінің функциясына жеке назар аударған жөн.

Бұдан бұрын заң жобасының бастапқы нұсқасында осы функциялар толығымен «Омбудсмен +» моделі шеңберінде Адам құқықтары жөніндегі уәкілге бекітілген болатын.

Қазіргі уақытта заң жобасы бойынша талдау функциялары мен бюджеттік бағдарламаның функциялары шектелген.

Атап айтқанда, ҰАТ барлық қатсушылары жүргізген болу қорытындылары бойынша жалпы талдау бойынша функциялар Адам құқықтарын қорғау бойынша оның өз қызметі туралы жыл сайынғы есепті дайындау шеңберінде заң жобасы бойынша Адам құқықтары жөніндегі уәкілге бекітілген.

ҰАТ іске асыру бойынша әлеуметтік жобаларды қаржыландыру бойынша бюджеттік бағдарламаның әкімшісі қызметтері аумақтық әділет органдарына бекітілген.

**Сонымен бірге, 2012 жылғы 28 наурыздағы Премьер-Министрдегі мәжілісте Министр заң жобасын ұсынуда ҰАТ бойынша әлеуметтік жобаларды қаржыландырудың әкімшілік ету функцияларын Адам құқықтары жөніндегі уәкілге беретін болса, Әділет министрлігі қарсы болмайтынын атап өтті. Уәкіл Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың кішкентай штатына (13 адам) және әлеуметтік жобаларды іске асыру үшін байқайтын аумақтық өкілдіктердің жоқтығына сілтеме жасап қарсылық білдіреді. Осыған орай Премьер-Министрдің тапсырмасы бойынша осы бөлікте СИМ заң жобасын осы бөлікті комментарий беру үшін халықаралық сарапшыларға жолдады. БҰҰ Азаптауларды алдын алу бойынша комитет ақпараты бойынша қазіргі уақытта сарапшылардың жоқтығына байланысты осындай комментарий маусымға қарай берілетін болады.*

Өз сөйлеуімді аяқтай келе келесіні атап өтемін.

Ұсынылған заң жобасы қолданыстағы тетікке қарағанда жетілдірілген, ұстау орындарының қоғамдық мониторингін көздейді.

Заң жобасы қоғамдық байқау комиссияларына ғана емес, сонымен бірге, қоғамдық бірлестіктерге де және Адам құқықтары жөніндегі уәкілге азаптауларды алдын алу тетігінде тұрақты қатысуға мүмкіндік береді.

Осыдан басқа, заңнамалық деңгейде ҰАТ мүшелері мен лауазымды тұлғалардың және қолданыстағы заңнамада жоқ оларға қатысты мемлекеттік органдардың құқықтары мен міндеттерін анықтайды.

Соңғысы, заң жобасы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде әлеуметтік жобалар арқылы ҰАТ қаржылай қолдауды көздейді.

Баяндалғанның негізінде осы заң жобасын қолдауды сұраймыз.

Назарларыңызға рахмет.